

	<p>«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ          НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»</p>	<p>СҚУ ДК 31          СД СҚУ 31</p>	<p>Басылым: бірінші          Издание: первое</p>	<p>8 беттің 1 беті          Стр. 1 из 8</p>
---	--	---	--	---

**«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік  
 Қазақстан университеті» КеАҚ  
 Директорлар кеңесінің шешімімен  
 (2026 жылғы 27 наурыздағы  
 № 3 хаттама)  
 БЕКІТІЛДІ**



**«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ  
 тұрақты даму саласындағы  
 САЯСАТЫ**

**1. КІРІСПЕ**

1. Тұрақты даму саласындағы осы Саясат (бұдан әрі – Саясат) «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) тұрақты дамуының қағидаттарын, мақсаттарын, міндеттерін, басқару жүйесін және іске асыру тетіктерін айқындайды.
2. Университет өз қызметінің экономикалық дамуға, әлеуметтік салаға және қоршаған ортаға ықпал етуі үшін жауапкершілігін сезіне отырып, мүдделі тараптардың мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді перспективада тұрақты дамуды қамтамасыз етуге ұмтылады.
3. Осы Саясат тұрақты даму саласындағы жаһандық басымдықтарды, оның ішінде 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарын (БҰҰ ТДМ) ескере отырып әзірленген және Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасын, сондай-ақ экология және тұрақты даму саласындағы өзге де стратегиялық құжаттарды іске асыруға бағытталған.
4. Саясат «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ-тың Корпоративтік басқару кодексіне, сондай-ақ ISO 26000, AA1000 (APS, SES) халықаралық стандарттарының, Жаһандық есептілік бастамасы (GRI) стандарттарының және өзге де танылған халықаралық тәсілдердің ережелерін ескере отырып әзірленген.
5. Саясаттың мақсаты – Университеттің тұрақты дамуын жүйелі басқару және тұрақты даму қағидаттарын оның қызметіне интеграциялау үшін нормативтік және ұйымдастырушылық негізді қалыптастыру.
6. Саясаттың міндеттері:
  - тұрақты даму қағидаттарын айқындау;
  - тұрақты дамуды басқару жүйесін айқындау;
  - тұрақты даму қағидаттарын іске асыруға қатысушылардың рөлдерін, құзыреттерін және жауапкершілігін бекіту;



- Университеттің тұрақты даму саласындағы негізгі процестерінің қоршаған ортаға әсерімен өзара байланысын айқындау.
- 7. Осы Саясат Университеттің барлық басқару органдары, құрылымдық бөлімшелері, қызметкерлері және білім алушылары үшін міндетті болып табылады.
- 8. Осы Саясаттың қағидаттары мен талаптары Университеттің барлық қызмет түрлеріне қолданылады, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей:
  - стратегиялық жоспарлау және басқару;
  - білім беру және ғылыми-зерттеу қызметі;
  - әкімшілік-шаруашылық және операциялық қызмет;
  - инфрақұрылымды басқару және кампусты дамыту (энергиямен жабдықтау, су тұтыну, қалдықтарды басқару, көлік);
  - тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу процестері;
  - серіктестермен, жеткізушілермен және мердігерлермен өзара іс-қимыл;
  - кадрлық әлеуетті дамыту және корпоративтік мәдениет;
  - мүдделі тараптармен коммуникация және есептілік.
- 9. Осы Саясат рамалық құжат болып табылады және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарымен өзара байланыста қолданылады.

## **2. ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ**

10. Университет тұрақты даму саласындағы қызметін келесі қағидаттарға негіздеп жүзеге асырады.
  - 1) **Есептілік** – Университеттің тұрақты даму саласындағы шешімдер мен нәтижелер үшін Бірлескен акционер мен мүдделі тараптарға жауапкершілік алу қабілеті.
  - 2) **Ашықтық және көрінімділік** – Университеттің, соның ішінде тұрақты даму саласындағы қызметі туралы сенімді ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету, мүдделі тараптарға негізделген шешім, қажетті көлемде, қабылдауға.
  - 3) **Этикалық мінез-құлық** – кәсіби және іскерлік этика нормаларына, адалдық, әділдік және сыйластық қағидаттарына сәйкес қызметті жүзеге асыру.
  - 4) **Мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу** – басқарушылық шешімдер қабылдау және Университет саясатын қалыптастыру кезінде мүдделі тараптардың мүдделері мен күтілімдерін ескеру.
  - 5) **Заңдылық** – Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Университеттің ішкі нормативтік құжаттарын қатаң сақтау.
  - 6) **Адам құқықтарын сақтау** – Университет қызметінде адамның құқықтары мен бостандықтарын мойындау және сақтау.

- 7) **Сыбайлас жемқорлыққа төзімсіздік** – сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрін қабылдамау, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын алдын алу, анықтау және тоқтату шараларын енгізу.
- 8) **Мүдделер қақтығысының жол берілмеуі** – Университет қызметінде қабылданатын шешімдердің объективтілігі мен бейтараптығына қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың немесе байланысты тараптардың жеке мүдделері әсер етуі мүмкін жағдайлардың алдын алу.
- 9) **Экологиялық жауапкершілік** – Университеттің барлық қызмет салаларында қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға және ресурстарды тиімді пайдалануға ұмтылу.
- 10) **Инклюзивтілік және әлеуметтік әділдік қағидаты** – EDI саясаты мен кемсітушілікке жол бермеу саясатына сәйкес барлығына тең және қауіпсіз орта құру.
11. Тұрақты даму қағидаттарын іске асыру барысында Университет мүдделі тараптардың қатысуы, маңыздығы және жауап беру қағидаттарына сәйкес AA1000 стандарттарын басшылыққа алады.

### **3. УНИВЕРСИТЕТТІҢ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС САЛАСЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

---

12. Университет климаттың өзгеруін жаһандық негізгі қауіптердің бірі ретінде мойындайды және оның салдарын азайту және климаттық тәуекелдерге бейімделу бойынша іс-қимылдарға адалдығын растайды. Университет Париж келісімі мен БҰҰ Тұрақты даму мақсаттары секілді ұлттық және халықаралық климаттық мақсаттарға үлес қосуға ұмтылады.
13. **Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Университет:**
  - 1) Университет Score 1 және Score 2 бойынша өзінің көміртегі ізін бағалау және тұрақты мониторинг жүйесін әзірлейді және енгізеді, соның ішінде электр энергиясын, жылуды, отынды және басқа ресурстарды пайдалануы.
  - 2) Университет инфрақұрылымның энергия тиімділігін және тұрақтылығын арттыруға бағытталған, қоршаған ортаға әсерді азайтатын және ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін шараларды жүзеге асырады.
  - 3) Университет сатып алу, құжат айналымы және мобильділік ұйымдастыру саласында экологиялық тұрақты тәжірибелерді енгізуге ықпал етеді.
  - 4) Университет академиялық және студенттік ортада климаттық мәселелерге саналы көзқарасты қалыптастыру мәдениетін дамытады.



- 5) Университет кампустың жасыл инфрақұрылымын дамытады, оны табиғи ресурстарды тұрақты басқарудың және қалдық шығарындыларды өтеудің элементі ретінде пайдаланады.
  - 6) Университет тәжірибе алмасу және климаттық мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекеттік органдармен, халықаралық ұйымдармен және басқа университеттермен өзара әрекеттеседі.
14. **Тұрақты дамуды басқару жүйесі**
  15. Университетте тұрақты дамуды басқару жүйесі қалыптастырылады және жұмыс істейді, ол тұрақты даму қағидаттарын стратегияға, басқару жүйесіне және қызметтің негізгі процестеріне біріктіруді қамтамасыз етеді.
  16. Университет қауымдастығының әрбір мүшесі тұрақты даму қағидаттарын сақтауға жеке жауапты.
  17. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары өз қызметінде тұрақты даму қағидаттарын енгізуге және қызметкерлерді осы Саясаттың ережелері туралы хабардар етуге жауапты болады.
  18. Университетте тұрақты даму қағидаттарын Университет қызметінің барлық бағыттарына интеграциялауды және тұрақты даму саясаты мен жоспарларын тиімді іске асыруды қамтамасыз ететін негізгі орган ретінде тұрақты жұмыс істейтін **Тұрақты даму жөніндегі үйлестіру тобы** құрылады.
  19. Үйлестіру тобының міндеттері:
    - тұрақты даму саласындағы саясатты қалыптастыру және үйлестіру;
    - іс-шаралар мен жоспарлардың тиімділігін мониторингтеу және талдау;
    - тұрақты мінез-құлық мәдениетін дамыту және академиялық қауымдастық мүшелерінің хабардарлығын арттыру;
    - Университеттің жалпы даму жоспарына біріктірілген тұрақты даму саласындағы негізгі тиімділік көрсеткіштерін (KPI) әзірлеу және оларға қол жеткізуді мониторингтеу.
  20. Үйлестіру тобының құрамы Басқарма өкілдерінен, құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан, оқытушылардан, білім алушылардан, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысынан, сондай-ақ шақырылатын сыртқы сарапшылар мен мүдделі тараптардың өкілдерінен қалыптастырылады.
  21. Үйлестіру тобының қызметі Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректоры бекітетін Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.
  22. Тұрақты дамуды басқару жүйесі шеңберінде **Университеттің Басқармасы:**
    - тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді қамтамасыз етеді;



- тұрақты даму саласындағы Саясатты, Мүдделі тараптар картасын және іс-шаралар жоспарын келіседі және оларды Директорлар кеңесінің қарауына енгізеді;
  - Саясат пен жоспарлардың практикалық іске асырылуын қамтамасыз етеді;
  - тұрақты дамуды жоспарлау, тәуекелдерді басқару және шешім қабылдау процестеріне біріктіреді;
  - тұрақты даму саласындағы Саясат пен жоспарларды іске асыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді және мүдделі тараптармен тұрақты диалогты қолдайды;
  - корпоративтік мәдениеттің дамуын, қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін және әлеуметтік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді.
23. Тұрақты дамуды басқару жүйесі шеңберінде **Университеттің Директорлар кеңесі:**
- тұрақты даму саласындағы тиісті жүйенің қалыптастырылуын және енгізілуін қамтамасыз етеді;
  - тұрақты даму саласындағы Саясатты, Мүдделі тараптар картасын және тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді;
  - тұрақты дамуды енгізу бойынша стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асырады;
  - тұрақты даму жөніндегі жыл сайынғы есептілікті (жылдық есеп құрамында немесе жеке құжат ретінде) бекітеді.

#### **4. ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

24. Университеттің тұрақты дамуы төрт өзара байланысты бағыт бойынша жүзеге асырылады, олар тәуекелдерді жүйелі талдау, маңызды мәселелерді айқындау және негізгі тиімділік көрсеткіштерін (KPI) қалыптастыру негізі болып табылады:
- ғылыми-білім беру;
  - экологиялық;
  - әлеуметтік;
  - экономикалық.
25. **Ғылыми-білім беру бағыты** тұрақты даму құндылықтарын білім беру стандарттарына және ғылыми-зерттеу күн тәртібіне біріктіруге бағытталған:
- барлық білім беру деңгейлерінің оқу жоспарларына Тұрақты даму мақсаттары (БҰҰ ТДМ) мен климаттық күн тәртібінің тақырыптарын енгізу;
  - экологиялық және әлеуметтік өзекті мәселелерді шешуге бағытталған пәнаралық ғылыми зерттеулерді ынталандыру;



- білім алушылар мен академиялық қызметкерлер арасында тұрақты даму саласындағы хабардарлықты арттыру және құзыреттерді қалыптастыру;
  - білім беруде үздік әлемдік тәжірибелерді енгізу және білімді бөлісу үшін халықаралық серіктестіктерді дамыту.
26. **Экологиялық бағыт** шеңберінде Университет қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға ұмтылады:
- энергия тиімділігін арттыру және парниктік газ шығарындыларын мониторингтеу арқылы климаттың өзгеруімен күрес шараларын жүзеге асыру;
  - су ресурстарын тиімді пайдалану және әкімшілік-шаруашылық қызметте ресурсты үнемдейтін технологияларды енгізу;
  - қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру, оның ішінде сұрыпталған жинауды енгізу және қайта өңделмейтін материалдарды қолдануды азайту;
  - кампустың «жасыл» инфрақұрылымын дамыту және білім алушылар мен қызметкерлер арасында экологиялық жауапкершілік қағидаттарын насихаттау.
27. **Әлеуметтік бағыт** университет қауымдастығы мүшелерінің әлеуетін іске асыру үшін әділ және қауіпсіз жағдайлар құруға бағытталған:
- тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және EDI саясаты мен кемсітушілікке жол бермеу саясатына сәйкес инклюзивті ортаны дамыту;
  - кез келген дискриминация, қысым және этика нормаларын бұзуға нөлдік төзімділік мәдениетін қолдау;
  - еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қызметкерлердің денсаулығын қорғау және кәсіби даму бағдарламаларын іске асыру;
  - қызметкерлерге әділ сыйақы төлеу және олардың құқықтарын құрметтеу, персоналдың жеке дамуын қамтамасыз ету, қызметкерлерге арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;
  - экологиялық және білім беру акцияларын өткізу;
  - мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікті нығайту және аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына белсенді үлес қосу.
28. **Экономикалық бағыттағы** қызмет ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және корпоративтік басқарудың озық тәжірибелерін енгізуге бағытталған:
- тұрақты даму қағидаттарын стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді басқару және басқарушылық шешім қабылдау процестеріне интеграциялау;
  - жеткізушілер мен мердігерлерді таңдауда экологиялық және әлеуметтік критерийлерді ескере отырып, тұрақты сатып алу қағидаттарын енгізу;
  - қызметтің жоғары деңгейдегі ашықтығын қамтамасыз ету және кәсіби этика мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау;




- инфрақұрылымды жаңғырту және Университеттің инвестициялық тартымдылығын сақтау үшін ресурстарды тиімді бөлу;
- ұзақ мерзімді құнның өсуі, акционерлер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз ету, процестердің тиімділігін арттыру, неғұрлым жетілдірілген технологияларды құру және дамытуға инвестициялардың өсуі, еңбек өнімділігін арттыру.

## **5. СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК**

29. Университет мүдделі тараптарды анықтайды және олармен халықаралық стандарттарға сәйкес жүйелі өзара әрекеттестік жүзеге асырады.
30. Мүдделі тараптардың тізімін, олардың әсер дәрежесін және Университет мүдделеріне ықпал ететін салаларын анықтау мақсатында Университеттің Мүдделі тараптар картасы әзірленеді.
31. Стейкхолдерлерді бағалау нәтижелері Университеттің Бағдарламасы мен Даму жоспарын жаңартуда, стратегиялық шешімдер қабылдауда – негізгі топтарға әсерді бағалау және тәуекелдерді анықтау үшін, оқу бағдарламалары, ғылыми жоспарлар мен жобаларды әзірлеу және түзету кезінде, сондай-ақ коммуникациялық белсенділік пен қоғамдық іс-шараларды жоспарлау үшін пайдаланылады.

## **6. ІСКЕ АСЫРУ, МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК ТЕТІКТЕРІ**

32. Саясатты іске асыру ішкі нормативтік құжаттар жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі, оның ішінде:
  - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
  - Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты мен стандарттары;
  - Тұрақты инвестициялау саясаты;
  - Тұрақты сатып алу саясаты;
  - Теңдік, алуан түрлілік және инклюзивтілікті (EDI) қамтамасыз ету және кемсітушілікке жол бермеу саясаты;
  - Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты;
  - Мүдделі тараптар картасы;
  - Корпоративтік этика кодексі;
  - Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспары.
33. Университет саясаттың, іс-шаралар жоспарының және белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізудің орындалуын жүйелі түрде мониторингін жүзеге асырады.
34. Тұрақты даму саласындағы есептілік Директорлар кеңесімен бекітіліп және мүдделі тараптарға назарына жеткізіледі.

	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ДК 31 СД СҚУ 31	Басылым: бірінші Издание: первое	8 беттің 8 беті Стр. 8 из 8
---	---	------------------------	-------------------------------------	--------------------------------

## 7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

---

35. Осы Саясат сыртқы ортадағы өзгерістерді, халықаралық стандарттарды және Университеттің басымдықтарын ескере отырып, кемінде үш жылда бір рет жүйелі түрде қайта қаралуға жатады. Қажет болған жағдайда оның тиімділігін арттыру үшін оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.
36. Осы Саясат Университеттің тұрақты даму қағидаттарын енгізуге, ұзақ мерзімді өсуді қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасауға және экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық бастамаларды қолдайтын жауапты институт ретіндегі Университеттің ұстанымдарын нығайтуға арналған стратегиялық бағытын бекітеді.